Хаттама №2
Қамқоршылық кеңестің отырысы.

Өткізілген күні:
Өткізу түрі қашықтан
ZOOM платформасы арқылы
Қатысушылар саны -7.
Қатыспағандар -2

Күн тәртібінде
1 Жаңа жылдың мерекелерді ұйымдастыруға қатысу. (Қоғам мен демеушілерді Жаңа жылдың мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге тарту
2 Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балаларға, өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға материалдық көмек көрсету бойынша жұмыс атқару, көмек көрсету.
3 Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің хатшысы отырысқа қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды. Кеңес төрағасы күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша сөз сөйледі. Жаңа жылдың мерекесі мектептің дайындық тобынан 9 сыныбына дейінгі оқушыларға сыйлық беруді ұйғарды және сыйлықты Қабиден Өмірзақұлы ұлы мен ауылымыздың азаматы Ералбаев Ерсбулат екеуі демеушілік ететінін айтты. Қамқоршылар кеңесі мүшелері ұсынысты бірауыздан қабылдады. Мерекенің балаларға қызықты әрі есте қаларлықтай өтуіне қадағалауды ұсынды.

2. Мектеп оқушылары арасында әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсетіп немесе мектепке керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге қамқор қолын созатын демеушілер қарастыру, қаражаты болмаса да шамасына сай көмек көрсету керек деген ой тастады. Кеңес төрағасының ұсынысы қабылданды. Кеңес мүшелерінің бір жәрмеңке өткізуді ұсынды. Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты бұндай шараларды өткізуді кейінге қалдыруды ұйғарды.

3. Әртүрлі мәселелерге тоқталып өтті. Оқушылардың қыс мезгіліндегі тұмау мен ауырып қалмау, мектеп медбикесінің күнделікті тексеруін қадағалау, ауызуын және қолдарын әлсін-әлсін жуып отыру, беттердің жуылу сияқты әртүрлі мәжілістерді айтып өтті.

Қаулы: 1. Жаңа жыл мерекесін ойдағыдай өткізу, оқушыларға сыйлықтар беру.
2. Аз қамтылған отбасыларға қолдан келгенше көмек көрсетілсін.
3. Шектеу режимінде санитарлық тәртіпті сақтауды қадағалау.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: [signature]
Хатшы [signature]